

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақский
национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai**

ХАБАРШЫ

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, Серия
«Исторические и социально-политические науки»,
Series «Historical and socio-political sciences»**

№2(65), 2020

Алматы 2020

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№2(65), 2020

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**
(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**,
т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева**
(жауапты хатшылар),
т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов**,
т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов**, PhD,
проф. **Вирджиния Мартин** (АҚШ),
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдізақан**
(Түркия),
т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**
(Қырғыз Республикасы), т.ғ.д.,
проф. **В.М. Козьменко** (Ресей
Федерациясы),
т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов**,
проф. **М.Майер** (Германия), т.ғ.д.,
проф. **А.Б. Соколов** (Ресей
Федерациясы),
т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық
университеті, 2020

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 05.05.2020 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 86 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 690.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13. Абай
атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

Жұмағұлов Б.С. Қазақстанның азамат соғысынан кейінгі мерзімдегі экономикалық дамуының тарихынан (1920-1924 жж.)
Zhumagulov B.S. From the history of economic development of 13
Kazakhstan after the civil war (1920-1924).....

Асанова Б.С. Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі Қазақстанда кітапхана мамандарын даярлау барысы және оны жақсарту шаралары (1946-1960).....
Assanova B.S. The process of training and development of library 22
specialists in kazakhstan after the Great patriotic War (1946-1960).....

Аманбекова Н.Д., Адильбаева А.С. XX ғасырдың I-ші жартысындағы Аягөз бен Риддер қалаларындағы қоғамдық іс-шаралар.....
Amanbekova N.D., Adilbaeva A.S. Public events in the cities of 30
Ayagoz and Ridder in the first half of the XX century.....

Джолдыбаева У.М., Абикенова К.Е. Жетісу облысында білім беру ошақтарының ұйымдастырылуы (XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басы).....
Dzholdybaeva U.M., Abikenova K.E. Organization of educational 36
institutions in Zhetysu region (late XIX - early XX centuries).....

Жалмағамбетов Е.А., Әзіретбергенова Э.Ж. Қазақстан білім жүйесінің қалыптасуындағы Қызылордалық кезеңнің орны.....
Jalmagambetov E.A., Aziretbergenova E.Zh. The role of the 41
Kyzylorda period in the development of the education system of
Kazakhstan.....

Нұрман Ш.Т. «Кеңестік бірегейлікке» бағыт алу: Қазақстандағы тарих оқулықтары мәселесіне.....
Nurman Sh. Course on «Soviet identity»: to the problems about history 48
textbooks.....

Нұрушева Г.К. Учебные заведения городов Москвы и Ленинграда в истории подготовки казахских специалистов в советский период...
Nurusheva G. Educational institutions of Moscow and Leningrad in the 53
history of training kazakh specialists in the soviet period.....

Садыков Т.С., Набиев С.Т. XX ғ. 20-30 жж. қазақ қоғамында жүргізілген кеңестік экономикалық реформалардың әсері мен салдары.....
Sadykov T.S., Nabiyev S.T. The influence and consequences of Soviet 59
economic reforms carried out in Kazakh society in the 20-30s. twentieth
century.....

Тургумбаева А.С. Организация подготовительных работ перед выборами гласных в верненскую городскую думу в 1877 году.....
Turgumbayeva A.S. Organization of preparatory works before the 63
election of vowels to the vernensky city дума in 1877.....

Күмганбаев Ж.Ж., Мекебаев Т.К. Казах интеллигенциясының ерте XX-ші ғасырдағы тарихы және ұлттық идея.....
Kumganbayev Zh.Zh., Mekebayev T.K. Kazakh intelligentsia in the 71
early XX-th century and the national idea.....

Туребаев О.А., Айдарбекова Г.С., Абдурахманов Н.А., Оразымбетова З.Ш. Абай мұрасы «Ақ жол» беттерінде.....	437
Turebaev O.A., Aidarbekov G.S., Abdurakhmanov N.A., Orazymbetova Z.Sh. Abay's legacy on the pages of "Ak zhol».....	

Тулекова А.М. История изучения проблемы реабилитации граждан Казахстана, репрессированных в годы сталинского террора, в советской, постсоветской научной литературе.....	444
Tulekova A.M. History of studying the problem of rehabilitation of citizens of Kazakhstan repressed in the years of the stalin terror in soviet, post-soviet scientific literature.....	

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY
AND ETHNOLOGY**

Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н., Столярова Э.О. Особенности демографического перехода казахов в 50-80-е гг. XX века.....	454
Aubakirova Zh., Alekseenko A., Stolyarova E. Features of the demographic transition of kazakhs in the 50-80th years of the XX century.....	

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық жазық Төрткүлі	
Akymbek Y.Sh., Shagyrbayev M.S. The medieval zhazyk Tortkul.....	460

Бексеитов Ғ.Т., Құрманязов И.С., Каримолдақызы Г. Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған қола дәуірі кезеңінің қыш ыдыстары.....	472
Bekseitov G.T., Kurmaniyazov I.S., Karimoldakyzy G. Ceramic vessels of the era of bronze stored in the fund of the Aral area district historical and local museum.....	

Кожя М.Б., Бегалиева А.К. Мавзолей толена в Огузтау – малоизвестный памятник Туркестанской области.....	478
Kozha M.B., Begaliev A.K. The mausoleum of Tolena in Augustow a little – known monument the Turkestan region.....	

Енсенов Қ.А. Қазақстан Республикасындағы этномәдени орталықтардың қызметі (1989-2019 жж.).....	484
Yensenov K.A. Activity of ethnocultural centers in the Republic of Kazakhstan (1989-2019).....	

Зайберт В.Ф., Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. Историко-культурное значение Ботайской культуры (К 40-летию открытия)	
Zaibert V., Baigunakov D., Sabdenova G. Botai's historical and cultural significance (for the 40th anniversary of the opening).....	489

Мургабаев С., Малдыбекова Л. Вопросы охраны ландшафта в зоне расположения петроглифов Сауыскандық.....	496
Murgabayev S., Maldibekova L. landscape protection issues in the Sauyskandyk petroglyph sites.....	

Подзубан Е.В. Палеоклиматические условия в первой половине голоцена на территории Тургайского прогиба (продолжение).....	502
Podzuban E.V. Paleoclimatic conditions in the first half of the holocene on the territory of the Turgaytrough.....	

Хабижанова Г.Б., Байгараев Н.А., Сагинаева А.Н. Солтүстік Алтайдағы коман-қыпшақтарының тарихи тамырлары.....	508
Khabizhanova G.B., Baigarayev N.A., Saginayeva A.N. Historical roots of koman-kipchaks in the northern Altai.....	

Бексеитов Ғ.Т.¹ Құрманғазов И.С.² Каримолдақызы Г.³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының доценті т.ғ.к.

Қазақстан Республикасы Алматы қ., e-mail: bek_ok@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының 2 курс докторанты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., e-mail: egypet.993@mail.ru

³Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасы, Арал қ., e-mail: gulnar_ilia66@mail.ru

АРАЛ АУДАНДЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДА САҚТАЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІ КЕЗЕҢІНІҢ ҚЫШ ЫДЫСТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің қысқаша құрылу тарихы мен орналасуы және қорында сақталған қола дәуірі кезеңінің қыш ыдыстары сипатталады. Музейдің құрылғанын кезінен бастап қазіргі уақытқа дейін Арал ауданы аумағынан көптеген археологиялық барлау экспедициялары жұмыс жасап, көптеген ескерткіштерді ашып тізімге алынған. Сонымен қатар, қызықты деректерді кездейсоқ табылған материалдардан да байқаймыз. Музей қорында жинақталған тас-қола дәуірінің материалдары бойынша Арал теңізі жағалауындағы ежелді халықтардың қоныстану тарихы жайында деректер алуға мүмкіндік береді.

Қола дәуірі кезеңінде Арал маңы оңтүстік-солтүстік және шығыс-батыс бағыттары бойынша өткен көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың тұрақты көші-қон аймағы болды деуге түп негіз бар. Қыш ыдыстар кешеніне қарап, олардың мерзімделуі, қай мәдениетке жақындығы анықталды.

Кілт сөздер: Арал маңы, музей, археология, қыш ыдыстар, қоныс, Жалғыз-ағым, қола дәуірі.

Bekseitov G.T.¹ Kurmaniyazov I.S.² Karimoldakzy G.³

candidate of Historical Sciences, associate professor of the department of Archeology ethnology and museology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. e-mail: bek_ok@mail.ru

²doctoral student of the 3rd course of the Department of Archeology, Ethnology and Museology of Kazakh National University named after al-Farabi Kazakhstan, Almaty, e-mail: egypet.993@mail.ru

³Scientific researcher at the Aralsky District Museum of History and Local Lore. Kazakhstan, Aralsk, e-mail: gulnar_ilia66@mail.ru

CERAMIC VESSELS OF THE ERA OF BRONZE STORED IN THE FUND OF THE ARAL AREA DISTRICT HISTORICAL AND LOCAL LOCAL MUSEUM

Abstract

The article describes the ceramic vessels of the period of the Bronze Age, preserved in the funds, location and a brief history of the creation of the Aral Regional Museum of History and Local Lore. From the moment the museum was created to the present, many archeological exploration expeditions have been operating in the Aral region, which have discovered many monuments. In addition, we observe interesting facts from randomly found materials. The materials of the Stone-Bronze Age collected in the museum funds provide information on the history of the settlement of the steppe peoples on the Aral Sea. During the Bronze Age, the Aral region became a stable migratory zone of nomadic and semi-nomadic tribes, passing along the directions south-north and east-west. By the complex of ceramic vessels, their periodization was established, to which culture is close.

Key words: Aral Sea region, museum, archeology, ceramic vessels, settlement, Zhalgyz-agym, Bronze Age.

Бексеитов Г.Т.¹ Курманиязов И.С.¹ Каримолдакызы Г.³

¹к.и.н, доцент кафедры Археология этнология и музеологии, Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан. e-mail: bek_ok@mail.ru

²докторант 3 курса кафедры Археология, этнология и музеологии Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: egypet.993@mail.ru

³Научный сотрудник Аральского районного историко-краеведческого музея. Казахстан, г.Аральск, e-mail: gulnar_ilia66@mail.ru

КЕРАМИЧЕСКИЕ СОСУДЫ ЭПОХИ БРОНЗЫ, ХРАНЯЩИЕСЯ В ФОНДЕ АРАЛЬСКОГО РАЙОННОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ

Аннотация

В статье описываются керамические сосуды периода эпохи бронзы, сохранившиеся в фондах, расположении и краткой истории создания Аральского районного историко-краеведческого музея. С момента создания музея до настоящего времени на территории Аральского района действовало множество археологических разведочных экспедиций, открывших множество памятников. Кроме того, мы наблюдаем интересные факты и из случайных найденных материалов. Материалы - бронзовой эпохи, собранные в фондах музея, позволяют получить данные об истории расселения степных народов на побережье Аральского моря. В период бронзового века Аральский регион стал стабильной

миграционной зоной кочевых и полукочевых племен, проходившей по направлениям юго-север и Восток-Запад. По комплексу керамических сосудов было установлено их периодизация, к какой культуре близка.

Ключевые слова: Приаралье, музей, археология, керамические сосуды, поселение, Жалгыз- агым, эпоха бронзы.

Музей – табиғат пен адамзат қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы деректемесі материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін табиғат коллекциялары мен тарихи нұсқаларды жинақтау, сақтау, зерттеу, жәдігерлерін халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекеме. Сондай мекемелердің бірі Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі болып отыр.

Музей тарихы сонау 1930 жылы шағын бөлмеде ретінде ашылып, 1947 жылы белгісіз себептермен жабылып, қорындағы жинақталған экспонаттар Қызылорда облыстық тарихи өлкетану музейіне тапсырылған.

Араға ұзақ уақыт созылып Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі 1988 жылы маусым айында ашылды. Кейін Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1988 жылғы 5 тамыздағы қаулысымен шағын дербес мемлекеттік музей болып бекітілді.

Осы уақыт аралығында музей қоры 3000 (үш мыңға) жуық жәдігерлер жиналса, кейіннен жыл сайын 200-300-дей жәдігерлер қорына жиналған.

Ең басты басымдылық әлемді алаңдатып отқан Арал теңізінің кешегі мен бүгінгі жайында, табиғаты, жан-жануарлар дүниесі, тасқа айналып кеткен балықтардың түрлері көрмеге қойылды, сол кезеңдегі күрделі «Арал тағдыры – адам тағдыры» мәселесіне айрықша көңіл бөлінді.

Музей ауданның көне және жаңа тарихын көру мен танысу арқылы жұртшылықтың, әсіресе жастардың көзқарасын қалыптастырып, оларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуде және ұлттық салт-дәстүрлерін үйреніп, бойына молынан сіңіруіне үлкен септігін тигізді.

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі бірнеше көрме залдардан тұрады солардың ішіндегі ауданның тарихына қатысты:

Археология және этнография залында - археологиялық қазбалардың нәтижесінде табылған ортағасырға жататын керамикалық ыдыстар, түркі кезеңіндегі қола қазан, неолит дәуіріне жататын ыдыстар бөлігі, Кердері кесенесі (XIV ғ) жоспары, сызбалары, сәулет ескерткіштері- Бегім ана мұнарасы, Бекетай, Бәсібек, Ұябай, Қыңырбай т.б кесенелері фотолары қойылған. Соның ішіндегі музей қорында сақталған Арал ауданы Жалғыз ағым ауылының маңынан табылған қыш ыдыстар және тас құралдарының жинақтары сақталған.

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің археология және этнография залының тас дәуіріне арналған сөресінде аймақта археологиялық барлау жұмыстары барысында ашылған ескерткіштерден алынған тас құралдар және қыш ыдыстары қойылған.

Қыш ыдыстар-археологиялық зерттеуде маңызды ақпарат беретін материалдың бірі. Ескерткіштің мәдени байланыстары, кезеңделуі ерекшеліктері секілді бағыттарда маңызда тұжырымдар жасауға негіз бола алады. Арал өңірінің қола дәуірі ескерткішнен табылған қыш ыдыстарды талдау, оларды қола дәуірі тайпаларының өнері дүниетанымымен байланыстыру отандық археологиядағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Солтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры және қола ескерткіштерін зерттеу жұмыстары жеткілікті түрде жүргізілмеген, тек барлау жұмыстармен ғана шектелген. Бұл аймақтардан неолит дәуірінің тұрақтары мен қола кезеңінің қоныстары көптеп анықталып отыр. Зерттеулер тарихына келетін болсақ И.А. Кастанье 1904 жылы хабарламасында Сексеуіл станциясынан шығысқа қарай 4 км жерде 5 обалардың бар екенін атап өтеді [1]. Арал теңізін зерттеген геологтар мен биологтардың еңбектерінде тұрақтар жайлы хабарламалар кездескен. Соның ішіндегі 1944 жылы ашылған Сексеуіл тұрағы болатын. Осы тұрақтан ашық түрдегі топырақтың бет- кі қабатынан жиналып алынған тас құралдарын жинап алу нәтижесінде зерттеуші А.А. Формозов оны Кельтеминар мәдениетінің ескерткішінің шекарасына жатқызған [2,3-5; 3, 24-25; 4, 13; 5,647-648].

С.Е. Максимованың Арал ауданы маңынан табылған палеолиттік тұрақтар жайлы хабарламасында аймақтың ежелгі тарихына тоқталған [6,167-168].

1955 жылы А.В. Виноградов Арал ауданы аумағына барлау жұмыстарын жүргізіп, Сексеуіл тұрағынан бөлек басқа да тұрақтар орнын ашып, жердің бетінен археологиялық материалдарды жинап, шағын қазба жұмыстарын жүргізеді.

Жоғарыда аталған Сексеуіл тұрағына шағын қазба жұмыстары барысында беткі қабатындағы материалдарды жинап алған. Осы зерттеу жұмыстарының нәтижелері 1955 жылы «Археологическая разведка в районе Аральска-Саксаульской в 1955 году» атты А.В. Виноградовтың мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада Сексеуіл ескерткішінен табылған тас құралдары мен қыш ыдыстар кешеннің ерте неолит екенін дәлелдеп көрсетіп, көп заттың ұқсастығы кельтеминар мәдениетінің алғашқы ескерткіші Өмудария өзенінің төменгі ағысы Жанбас 4 ескерткішінен табылған заттармен ұқсастығын атап көрсеткен [7,76-81].

А.В.Виноградов барлау жұмыстарын жүргізу барысында жоғарыда айтылғандай бұл аймақтан жирымаға жуық ескерткіш орынын анықтаған. Ең басты шикізат жақын жерде өндірілген тау тастары, малта тас, яшма, халцедон болып табылған. Олардан көбінесе жебе ұштарын, найза ұштары мен дротиктердің басы, қырғыштар, қыстырмалы тілекшілер, тескіштер, жүзі өңделген пышақ тілікшелер, бақалшақтардан жасалған әшекей заттар жасалған.

Қыш ыдыстар мен тас құралдарының жиынтығына қарап Сексеуіл II тұрағымен және Ақшадария арнасының маңынан табылған Қауынды 3, Таджи-Қазған 2,3,6 тұрақтарынан табылған заттарға ұқсас болып келген [8,65;9,34-77; 10, 78].

1955 жылы барлау жұмыстары барысында Солтүстік-Шығыс Арал маңының неолит және қола дәуірінің Көнту, Жалғыз ағым, Тәмпі, Шөлқұм, Қара-сандық, Ақеспе тұрақтары мен тұрақтарының топтары ашылған. Бұл тұрақтардың көбінесін неолит немесе қола дәуірімен мерзімдеуге болады, қазіргі уақытта осы тұрақтардың орындары сақталмаған. Кейінгі осы қоныстар жайлы 1960 жылы «Археологическая карта Казахстана» атты еңбекте осы тұрақтар жайлы мәліметтер берілген [11,192-193].

Арал маңынан қола дәуірі кезеңі ескерткіштері археологиялық зерттеулер бойынша Сырдарияның төменгі ағысынан қазіргі Қызылорда облысы Қазалы, Қармақшы, Жалағаш Сырдария аудандарынан ашылып отыр. Зерттелу тарихы 1972 жылы Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының барлау жұмыстарының нәтижесінде арналардың жиегінен үрлемелі құмның әсерінен ашылып қалған шағын қоныс орындарынан қыш ыдыстар сынықтарын анықтап, кейінгі қола дәуірімен мерзімделген. Ашылған қоныстар ортаңғы Іңкәрдария арнасының жағаларынан Көк Сенгір шатқалынан ашылып, олардың шартты атауы Тас 1-3 қоныстары және оңтүстік Іңкәрдария арнасының жағалауларынан Баян шатқалынан Егізкөк қоныстары деген атауларын береді [12,12-16].

Бұл қоныстарды мекендеген адамдардың мал шаруашылығымен айналысқаны және осы ескерткіштер қола дәуірінің ең соңғы кезеңімен мерзімделеді. Қыш ыдыс сынықтары жақындығы жағынан Солтүстік Түгіскен кесенесінен табылған ыдыстарға және замараев, әмірабад мәдениеттерімен ұқсас болып келген, мерзімі шамамен б.з.д II ғ соңы мен I ғасырларға жатады.

Сырдарияның төменгі ағысы Іңкәрдарияның тармақтарынан мал шаруашылығына негізделген тайпалар қоныстанған, қыш ыдыстар арнаның жиектерінің шетінен табылған, көне бақташылар, қазіргі уақыттағы малшылар сияқты өздерінің малдарын құмдарда жайланға ұқсайды.

Сырдарияның төменгі ағысы қола дәуірі хорезмдік әмірабад керамикасы Іңкәрдария бойының барлығында ұшырасады [12].

Қола дәуірінің дамыған және соңғы қола кезеңдеріне тән отырықшылық қоныстар Сырдария бойында жоқ. Осы жағдай, сондай-ақ Сырдария атырабының жер бедері-климат жағдайларының өзіндік ерекшелігі жергілікті тұрғындардың шаруашылығындағы негізгі бағыт мал шаруашылығы болғандығын көрсетеді. Алайда оңтүстікпен екі арадағы, Солтүстік Түгіскеннің материалдарында айқын көретін мәдени байланыстар, сондай-ақ шағын алқаптарда суармалы егіншіліктің болу мүмкіндігі Сырдарияның төменгі бойында соңғы қола дәуірінің шаруашылығы кешенді, жартылай отырықшы мал шаруашылығы мен егіншілік болды деген қорытындыға келтіреді.

Еуразия құрылығында қола дәуірінің жерлеу орындары мен материалдық мәдениетке бай Солтүстік Түгіскен ескерткіші болып қала береді. Бұл жерлеу құрылысында белгілі адамдарды жерленген. Көне заманан бастап тоналған бұл қорымда ХАЭЭ-сы зерттеулер жүргізу барысында алтынан, күмістен жасалаған бұйымдар тапқан.

Солтүстік-Шығыс Арал маңынан неолит ескерткіштерінен басқа палеолит тұрақтары 1979 жылдан бастап ашыла бастады. Кіші Борсық құмында зерттеу жұмыстарын жүргізген Ж.М. Кулумбаев, Б.Ж.Аубекеров Д.П.Позднышева, А.А. Словарев, О.А.Артюхова сияқты ғалымдар алғаш тауып зерттеген. Ашылған Арал 1, Арал 2, Арал 3, жердің беткі қабатынан тас құралдары жиналып алынып, мақалалары жарияланған [13,32-38].

Бұл аймақта 1999-2000 жылдары Х.А.Ясауи атындағы университет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақстанның палеолит дәуірінің аридтік зонасы» жобасы аясында бірлескен Қазақстан-Ресей экспедициясы барлау жұмыстарын жүргізіп Солтүстік Арал маңында Қосаман және Ырғыз тұрақтары орындарын ашты [14,63-72].

2002-2005 және 2008-2010 Арал теңізінің кепкен табанында Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімшесі В.С. Соболев атындағы геология және минерология институтының ғылыми қызметкерлері және шетел ғалымдары геморфологиялық және георхеологиялық зерттеулер ұйымдастырып Арал теңізінің өмір сүру жасын анықтау үшін кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді [15,46-53].

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы жасақталып Солтүстік-Шығыс Арал маңын ескерткіштеріне барлау жүргізіп және «Қызылорда облысы ескерткіштерінің ескерткіштер жинағын» шығару үшін зерттеу жұмыстарын тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштері енгізілді [16].

Кейінгі археологиялық зерттеулер нәтижесінде Аралдың солтүстік маңында Арал маңы Қарақұмынан 2010-2013 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдары бұл аймақтардан Арал ауданынан Ерiмбет-жаға қонысын және Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінен солтүстік-шығысқа қарай 80 км жерде орналасқан Тапа ауылының жанындағы Тапа 1,2 қола дәуірінің ескерткіштерін ашқан [17, 438-440; 18 160-170].

Кейінгі зерттеулер бұл аймақтан Солтүстік Арал маңы мен Арал маңы Қарақұмнан жаңадан жаңа ескерткіштер ашылу үстінде Солардың бірі 2019-2020 жылдар аралығында тас дәуірі және қола дәуірінің қоныстары көптеп табылып отыр. Солардың ішіндегі Шөміш ауылының маңынан Сарышоқы қонысынан табылған остеоологиялық материалдар аймақтың қола дәуірінде қандай жануарлар өмір сүргендігін фаунасын табиғатың қандай болғанын білуге болады.

Бұл ескерткіштердің ашылған жердің аймағы шөлді құмды аймақ және арналар мен өзендер жүйесі орналаспаған. Қазіргі уақытта мекендеген халық суды қолдан қазылған құдықтар арқылы тұтынып шаруашылыққа пайдаланып келеді. Ескерткіштердің орналасуы үрлемелі құмның әсерінен нақты аймағы белгісіз, беткі қабатынан қыш ыдыстар және тас еңбек құралдары жиналып алынған.

Қазіргі таңдағы Арал аудандық тарихи өлкетану музейі қорында 1990 жылы Арал қаласына жақын орналасқан Жалғыз-ағым елді мекенінің «Берёзка» әскери базасының сарбазы осы маңынан жиналып алынған қыш ыдыстары мен тас құралдарды аудандық музейге өткізген. Музей қорындағы қыш ыдыстарының сынықтар саны 33 дана.

Жалғыз-ағым қонысы жоғарыда айтып өткендей 1955 жылы Хорезм экспедициясы А.Виноградовтың барлау тобы ашқан болатын беткі қабатынан жиналып алынған материалдарға қарап қола дәуіріне жатқызған. Сол жылғы зерттеулер бойынша Жалғыз ағым I,II,III,IV деп шарты атаулармен беріледі.

Бүтін күйінде сақталған ыдыстар жоқ тек қана ернеулері ғана сақталған және өрнектелген қола дәуіріне тиісті орнаменттер кездесіп отыр. Қазіргі таңда зертханалық талдаулар, сипаттамалары жасалану және суреттері салыну үстінде, 2020 жылдың қаңтар айында музей қорында жұмыс жасау барысында суретке түсірілді бұл шағын зерттеулеріміз алдағы жұмыстарымыздың басы деп есептейміз.


Жалғыз-ағым қонысынан қыш ыдыстар өрнектері Қазақстанның басқа аймақтарынан кездесіп отыр, соның ішіндегі көршілес Ақтөбе облысы, Тастыбұтақ қонысынан Хорезм аумағынан ашылған Анка 5, Кават 5, Кокча 15, 16, қоныстары мен қорымдарынан табылған ыдыстарға жақындағы бар және осыған ұқсас болып келген жақын маңдағы ескерткіш Ерiмбет жаға қонысынан табылған қыш ыдыстары ұқсастығы бар екендігі анықталып отыр.

Арал аудандық тарихи өлкетану музей қорында сақталған қыш ыдыстар сынықтары коллекциясы Қазақстандағы қола дәуірінің коллекцияларымен бірге ғылыми каталогтау, археология, тарих антропология, этнология гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің дереккөздерін толықтырып, тың ізденістерге негіз болуға септігін тигізетін материалдар ретінде Қазақстан аймағынан табылған басқа қола дәуір ескерткіштерімен бірге халықтың рухани игілігіне айналса дейміз.


Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. — Труды Оренб. уч. архив. ком., 1910, вып. 22, 332 с.*
2. *Формозов А.А. Об открытии кельтеминарской культуры в Казахстане. «Вестник КазФАН», 1945, №2, Алма-Ата. С.3-5*
3. *Формозов А.А. Новые точки кельтеминарской культуры в Казахстане // Вестник Казахстанского филиала АН. СССР 1946. №5 С.24-25.*
4. *Формозов А.А. Кельтеминарская культура в Западном Казахстане. КС ИИМК. Вып. XXI, 1950.*
5. *Янишин А.Л. Геология Северного Приаралья М. Московское общество испытателей природы. 1953. 736 с.*

6. Максимов С.Е. Находка палеолита в районе Аральского моря // Ученые записки Ленинградского университета. Серия Геология 1944 Вып. II С.167-168.
7. Виноградов А.В. Археологическая разведка в районе Аральска –Саксаульской в 1955 г. // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. 1959. С. 76-81.
8. Толстов С.П. Древний Хорезм М. 1948. С.65
9. Толстов С.П. По следам древних хорезмский цивилизаций М. 1948 С.34-77.
10. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 78.
11. Археологическая карта Казахстана. Реестр Алма–Ата, Изд-во АН КазССР. 1960, 450 с.
12. Итина М.А., Яблонский Л.Т. Мавзолеи Северного Тагискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. М., 2001.
13. Артюхова О.А. Палеолите Приаралья // Известия МОН РК НАН РК. Серия общественных наук 2001 №1. С.32-38.
14. Чеха А.М., Кулик Н.А. Каменные сырье палеолитических местонахождений Северного Приаралья (По материалом пункта Арал 1) // Журнал Археология и Антропология Евразии С.63-72.
15. С.К. Кривоногов Арал умер. Да здравствует Арал // журнал Природа №8, 2012 С.46-53.
16. Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. Свод памятников истории культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. – Алматы. Аруна, 2007. 376 с.
17. Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. Еримбет-жага – стоянка эпохи бронзы // Археология и палеоантропология евразийских степей и сопредельных территорий. Материалы и исследования по археологии России №3. Москва, 2010. С. 438-440.
18. Тажекеев А.А., Онгар А., Шораев Б.К. Тапа – памятник эпохи бронзы Северо-восточного Приаралья // Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. Астана, 2013. Т. 2. С. 167-170.



Сурет 1. Арал ауданы аумағында орналасқан палеолит- неолит-қола дәуірлерінің орналасу картасы



Сурет 2. Жалғыз ағым қонысы. Арал аудантық тарихи-өлкетану музей қорында сақталған қола дәуірінің қыш ыдыстары

